

## Қазақстан Республикасы мен Хорватия Республикасы арасындағы өзара қарым-қатынас негіздері туралы Декларация

Декларация, Загреб қ., 2001 жылғы 18 шілде

**\*2001 жылғы 18 шілдеде күшіне енді.**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасы мен Хорватия Р е с п у б л и к а с ы ,

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің Хельсинки Қорытынды актісінің және Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның кейінгі құжаттарының мақсаттары мен қағидаттарын басшылыққа ала отырып,

достық қатынасты нығайту және өзара мүдделілік білдірілетін барлық салаларда ынтымақтастықты дамытуға тілек білдіре отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1. Тараптар өздерінің қарым-қатынасын теңдік, бір-бірінің егемендігін құрмет тұту және дауларды бейбіт жолмен шешу қағидаттары негізінде дамытады және нығайтады.

2. Тараптар халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әлемде болып жатқан демократиялық қайта құруларды нығайту мен тереңдетуге тығыз байланысты екеніне к ә м і л с е н і м д і .

3. Тараптар сенім білдіру ахуалы мен қауіпсіздікті, ынтымақтастық пен өзара түсіністікті нығайтуға, жанжалдардың алдын алуға, сондай-ақ Еуропа мен Азиядағы және әлемнің басқа да бөліктеріндегі адам құқығы мен азшылықтың құқықтарын құрмет тұтуға жәрдемдесуге ұмтылатындықтарын растайды.

4. Тараптар осы тұрғыда ядролық қарусыздану мен оны таратпау ісіне, Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім білдіру шаралары жөніндегі кеңесті шақыру жөніндегі бастамамен жалғасын тапқан халықаралық және аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға Қазақстан Республикасының қосқан үлесін жоғары б а ғ а л а й д ы .

5. Тараптар өздерінің арасындағы саяси пікір алмасуға, үкіметаралық және парламентаралық байланыстарды орнатуға, екі жақты және халықаралық проблемалар жөнінде консультациялар өткізуге ықпал етеді.

6. Тараптар халықаралық терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі құралдарының заңсыз айналымына, заңсыз көші-қонның, сыбайлас жемқорлыққа, экономикалық қызмет саласындағы құқық бұзушылыққа қарсы екі жақты негіздегі, сондай-ақ халықаралық ұйымдар шеңберіндегі ынтымақтастықтың және күш-жігерді

үйлестірудің маңыздылығын атап көрсетеді.

7. Тараптар нарықтық экономика тетіктерінің тиімді жұмыс істеуінің мүддесі жолында қолға алынып жатқан іс-қимылдарға өзара қолдау көрсететін болады.

8. Тараптар өздерінің бұдан былайғы экономикалық дамуында, әсіресе инвестициялар тарту мен осы заманғы технология, сауда, көлік және коммуникация, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп саласында өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты кеңейтудің маңызды рөл атқаратынына сенім білдіреді.

9. Тараптар әлемдік қауымдастықтың ғаламдық міндеттерінің бірі қоршаған ортаны қорғау мүддесі жолындағы белсенді ынтымақтастық және экологиялық тепе-теңдікті қолдауға бағытталған шаралар қабылдау, сондай-ақ осы саладағы халықаралық бақылауды күшейту болып табылады деп есептейді. Осыған байланысты Тараптар қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты дамытатын болады.

10. Тараптар мәдениет, білім, ғылым, туризм, денсаулық сақтау және спорт салаларындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын мойындайды және осы салалардағы екі жақты қатынасты дамыту үшін күш-жігер жұмсайтын болады.

11. Тараптар екі жақты қатынастың шарттық-құқықтық негізін одан әрі дамытуға және қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыруға күш-жігер жұмсайды.

Загребте 2001 жылғы 18 шілдеде әрқайсысы қазақ, хорват, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа дана болып жасалды және де барлық мәтіннің күші бірдей. Осы Декларацияның ережелерін түсіндіруде келіспеушілік туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді ұстанатын болады.

*(Қолдары)*